

Оларға қатысты кеден декларациясын беру Еуразиялық экономикалық одақтың "Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 038/2016) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер тізбесін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 3 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген Оларға қатысты Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімді (тауарларды) Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған оларға қатысты кеден декларациясын беру Еуразиялық экономикалық одақтың "Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 038/2016) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер тізбесі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 15 қаңтардағы
№ 3 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Оларға қатысты кеден декларациясын беру Еуразиялық экономикалық одақтың "Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 038/2016) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер ТІЗБЕСІ

Өнімнің атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Сәйкестікті бағалау туралы құжат	Ескерту
1	2	3	4
Уақытша орнатылатын (жылжымалы) аттракциондар мен стационарлы			

аттракциондар (іргетаста немесе іргетассыз құрылған):	9508 90 000 0		
RB-1 әлеуетті биомеханикалық тәуекел дәрежесі бар		сәйкестік сертификаты	
RB-2 және RB-3 әлеуетті биомеханикалық тәуекел дәрежесі бар		сәйкестік туралы декларация	
Ескерту:	1. Осы тізбені қолдану мақсаттары үшін өнімнің атауын да, ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да пайдалану қажет.		
	2. Еуразиялық экономикалық одақтың "Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 038/2016) талаптары балалардың ойын алаңдарына арналған жабдыққа және RB-4 әлеуетті биомеханикалық тәуекел дәрежесі бар аттракциондарға, сондай-ақ аталған техникалық регламент күшіне енгенге дейін әзірленген және пайдалануға берілген аттракциондарға қолданылмайды.		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК